



INTERNATIONALE PARLAMENTE PRAKTIKA

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАРЛАМЕНТТІК СТИПЕНДИЯ

Отаныңыздың әлеуметтік, ғылыми және саяси өмірін дамытуға үлес қосқыңыз келе ме? Еліңіздің болашағын қалыптастыруға белсенді түрде және үлкен жауапкершілікпен араласқыңыз келе ме? Саясат „сахнасының артына“ көз тастап, демократиямен жүзбе-жүз танысқыңыз келе ме?

Енді егер Сіз Герман Бундестагының және Берлин қаласының университеттерінің әлемде теңдесі жоқ бағдарламасына қатысу мүмкіншілігін пайдаланып, Халықаралық Парламенттік Стипендияға (ХПС) қатысу үшін арыз беріңіз

Герман Бундестагы Берлин қаласының университеттерімен ынтымақтаса отырып, жыл сайын екіортада 25 елдің 115-тей жас азаматтарына Герман Бундестагының бір мүшесінің жанында бірнеше айлық практикадан өтуге, неміс саясатының шешім қабылдау үрдістерімен танысуға және парламенттік жұмыс саласында практикалық тәжірибелер жинауға әлемде теңдесі жоқ мүмкіншілік береді

Аталмыш бағдарламаның мақсаты жас адамдардың демократия мен қоғамға деген қызығушылығын ұлғайту, оларды демократиялық өмірге белсене араласуға батылдандыру және соған рухтандыру. Аталған Халықаралық Парламенттік Стипендия (ХПС) демократиялық құндылықтарды мен елдер арасындағы түсіністі нығайтуға, сонымен қатар мәдени алуантүрлілікті және Еуропада бейбіт қатар өмір сүруді қолдау үшін болашаққа салынған инвестиция болып табылады.

Бағдарламаға қатысушы елдер: Азербайжан, АҚШ, Албания, Армения, Беларусь, Болгария, Босния-Герцеговина, Венгрия, Грузия, Қазақстан, Латвия, Литва, Македония, Молдавия, Польша, Ресей, Румыния, Сербия (және Монтенегро), Словакия, Словения, Украина, Франция, Чехия, Хорватия және Эстония.

ХПС бағдарламасы 1-ші наурызда басталып, бес айға созылады. Бұл стипендия бағдарламасының негізгі мазмұны бір Бундестаг депутатының кеңсесінде өтетін үш ай жарымдық практика болып табылады. Сонымен қатар стипендиаттар бес саяси қорлары өткізетін семинарларға қатысады және олар білімдерін жетілдіру мақсатында Берлин қаласының үш университеті ұйымдастыратын қосымша ғылыми қолдау бағдарламасын бітіреді.

ХПС-ға қатысушылар Герман Бундестаг есебінен 450 евро мөлшерінде айлық стипендия алады. Бұл стипендияға сондай-ақ үш бөлмелі пәтерде қатысушылардың екі адамнан жататын тегін бөлмесі, студенттік ауыру мен апаттан сақтандыру және міндетті түрдегі жауапкершіліктен сақтандыру куәлігіне байланысты шығындар кіреді. Осыған қоса Берлинге келіп-кету жол шығындары қатысушыларға қайтарылып беріледі.

ХПС бағдарламасы туралы толық ақпараттар мен және арыз үлгісін Сіз интернеттің www.bundestag.de/ips бетінен таба аласыз.

Біз Сізді ХПС бағдарламасына қатысуға шын ниетпен шақыра отырып, арызыңызды қуана күтеміз.